Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН
Академиялық сапа жөніндегі
комитетінің төрағасы
________С.Т.Тайман
«_31_» ___08_____ 2023ж

«6В01721-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы
бойынша түлектерінің
МОДЕЛІ

**Қызылорда, 2023**

## МАЗМҰНЫ


Кіріспе

1 БББ сипаттамасы

2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары

2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері

2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы

2.5 Маманның жеке қасиеттері

Қорытындылар

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектің құзіреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

**1.БББ сипаттамасы**

6В01721 –Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби және ғылыми дайындығы бар, тіл білімі мен әдебиеттанудағы жаңа ғылыми ақпараттарды жинау, өңдеу және сақтау әдістерін, жаңартылған білім беру мазұнына сай тіл мен әдебиетті оқытудың жаңа технологияларын меңгерген, білім беру саласындағы мемлекеттің стратегиялық саясатын іске асыруға қабілетті, сұранысқа ие мамандарды даярлау.

**2.Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері**

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

**2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары:** Ғылыми ақпаратты жинақтау, өңдеу және сақтау әдістерін игерген, қазіргі ақпараттық технологияны меңгерген, білім беру саласындағы мемлекеттің стратегиялық саясатын жүзеге асыруға қабілетті ғылыми және кәсіби дайындығы бар жоғары білікті мамандар даярлау.

## 2.2. Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- Білім алушыларды профильдік және мамандыққа бағытталған білім беруді дамытудың қазіргі жағдайымен,өзекті мәселелермен таныстыру,пәндердің мазмұнымен таныстыру және орта кәсіби, орта өндірістік-техникалық білім беру орындарында, сонымен бірге тілдік емес әртүрлі профильдік білім беру орындарында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың практикалық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруға көмектесу.

-Ғылыми-әдістемелік негізін олардың болашақ кәсіби әрекетін қалыптастыру.

## 2.3. Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

ЖБҚ1

Қазақстанның қазіргі тарихының негіздерін, қазақстандық қоғамның тарихи даму заңдылықтарын түсінеді, дамудың қазіргі қазақстандық моделінің ерекшеліктерін дәлелдейді; тарихи тұлғалардың өмір сүру үлгісінде қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтары рухында, Патриотизмді тәрбиелеудің маңыздылығын түсіндіреді.

ЖБҚ2

Білім алушы кәсіби маңызды мәселелердің кең ауқымы бойынша кәсіби қарым-қатынасты еркін жүзеге асыру қабілеті мен іскерлігі қарастырылатын кәсіби-мамандандырушы біліктілік алады.

ЖБҚ3

Білім алушы кәсіби маңызды мәселелердің кең ауқымы бойынша кәсіби қарым-қатынасты еркін жүзеге асыру қабілеті мен іскерлігі қарастырылатын кәсіби-мамандандырушы біліктілік алады.

ЖБҚ4

Дене қасиетімен қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктерін жетілдіру және дамыту арқылы дене шынықтыру құралдарын қолдану, дене саулығының деңгейін және спорттық іс-әрекетінің нәтижелерін бақылау және бағалауды үйренеді.

АҚ1 Оқушылардың дамуы мен өсуінің негізгі заңдылықтарын, жеке дамудың әртүрлі кезеңдерінде мүшелер мен жүйелердің қызмет ету ерекшеліктерін игерген. Педагогикалық қызметте оқушылардың физикалық даму қабілеттілігін анықтау әдістерін және алған білімдерін оқыту мен тәрбиеде қолданады.

АҚ2 Студенттер мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің мәні мен маңызы туралы бастапқы білімдермен қаруланып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы туралы ғылыми теориялық мәселелерді оқып біледі

АҚ3 Халық әдебиеті үлгілерін фольклортану ғылымындағы жаңа зерттеулер мен бағдарламалар негізінде қолданады. Фольклор туралы ұғымдар мен ауыз әдебиетіндегі ғылыми анықтамаларды, әдебиеттің тегі мен түрін, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмашылығын талдайды.

АҚ4 Тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесі және тілдік терминдер атап айтылып, анықталады. Тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастырады. Тілдік талдау дағдысы қалыптасады,

тілдік материалдарды сипаттап, салыстырады, тілдерді туыстық дәрежесіне және типологиясына қарай айыра алады.

БҚ1Әдебиеттануға қатысты көркем туынды жайлы теориялық, эстетикалық пайым – түсініктерді нақты шығармаларды талдау, салыстыру, салғастыру, байыптау, бағалау барысында практика жүзінде қолдана **біледі.** Әдеби нұсқаларға талдау жасай білуді, талданып отырған шығарманың әдеби дамудағы орнын, рөлін, көркем мәтінді талдаудың маңыздылығын, көркем мәтінге қатысты ой, пікір түю мәнін түсінеді

БҚ2Шығыс әдебиетінің ролі мен мағынасын, тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерін меңгереді.

БҚ3 Жеті модуль бойынша тұжырымдамалық түсіну негіздерінің және тәжірибелік дағдыларын біледі, сын тұрғысынан ойлану дағдыларын түсінеді. Мәтінде тілдік стратегияларды тиімді таңдап қолданады. Мәтінге талдау жасаудың ерекшелігі мен әдістерін талдайды.

БҚ4Негізгі теориялық әдістемелік ұстанымдарды, лингвистика зерттеулерінің әдістері мен амалдарын, оқу орындарында өтілетін қазақ тілі курсы бойынша жасалған бағдарламалар негізінде сабақ жоспарын құрастыру, атқарылатын дербес жұмыстарға жетекшілік жасау және аудиториялық жұмысты жүргізу жолдарын біледі.

## 2.4. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы

**Білім беру бағдарлама бойынша оқыту нәтижелері мен қалыптасатын құзыреттіліктері арақатынасының матрицасы**

| Құзыреттілік | ON1 | ON 2 | ON 3 | ON 4 | ON 5 | ON 6 | ON 7 | ON 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖБҚ1 | + | | | | | | | |
| ЖБҚ 2 | + | | | | | | | |
| ЖҚБ 3 | + | | | | | | | |
| ЖБҚ4 | + | | | | | | | |
| .... | + | + | + | + | | | | |
| ЖБҚ 5minor | | | | | | | | |
| АҚ1 | | + | | | | | | |
| АҚ 2 | | + | | | | | | |
| АҚ 3 | | | + | | | | | |
| АҚ 4 | + | | | | | | | |
| .... | + | + | + | + | + | + | + | |
| АҚ 5minor | | | | | | | | |
| БҚ 1 | | | | | | + | | |
| БҚ 2 | | | | | + | | | |
| БҚ 3 | | | | | | | + | |
| БҚ 4 | | | | | | | + | |
| .... | | | + | + | + | | + | + |
| БҚ 5minor | | | | | | | | |

**5. 6В01721–Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша маманның жеке қасиеттері.**

В01721–Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша білім бакалавры дәрежесін алған маман - негізгі және бейіндік мектептер, мамандандырылған мектептер, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, мемлекеттік органдар, кәсіпорындар мен өндіріс орындарында қызмет ете алады.

**Қорытынды**

6В01721–Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі